

Нурғалиева Салтанат Еркиновнаның 8D02304 – Аударма ісі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Дисней мультфильмдерінің қазақ тіліндегі аудиовизуалды аудармасының ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Аудиовизуалды аударма мультфильмдерді аударудың маңызды әрі сұранысқа ие салаларының бірі болып табылады, себебі қазіргі жаһандану үдерісі мен мультимедиалық контенттің кең таралуы бұл бағыттың маңызын арттыра түсуде. Disney компаниясының мультфильмдері әлемдік мәдениетте және ойын-сауық индустриясында айрықша орын алады, ал олардың аудармалары бұл туындылардың әртүрлі тілдерде қабылдануы мен мәдени бейімделуінде маңызды рөл атқарады. Мультфильмдерді аударудағы ең күрделі әрі нәзік мәселелердің бірі – әндерді бейімдеу, өйткені олар шығарманың ажырамас бөлігі болумен қатар, көрерменге эмоциялық әсер етудің маңызды құралы болып саналады.

Тілдік және мәдени әралуандылығымен ерекшеленетін Қазақстан үшін мультфильмдердің, соның ішінде Disney өнімдерінің сапалы аудармасы өзекті мәселе болып табылады. Анимациялық фильмдерді қазақ тіліне аудару тек сөздерді бір тілден екінші тілге жеткізумен шектелмей, мәтінді қазақтілді аудиторияға табиғи әрі түсінікті етіп бейімдеуді талап етеді. Мұндай тәсіл мультфильмдердің қазақ көрермені үшін қолжетімді әрі тартымды болуына мүмкіндік береді.

Зерттеу мәселесі Disney компаниясы мультфильмдерінің қазақ тіліне аудиовизуалды аудармасын жүйелі түрде ғылыми негізде зерттеудің жеткіліксіздігімен байланысты. Атап айтқанда, түпнұсқаның тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескеретін, сондай-ақ аударма сапасының негізгі көрсеткіштері болып саналатын дубляж бен субтитрлердің үйлесімділігін қамтамасыз ететін тәсілдер жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Бұл қазақ лингвомәдениетіне бейімделген әрі кең аудиторияға қолжетімді сапалы медиаконтент жасауды қиындатады.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі келесі қарама-қайшылықтармен айқындалады:

- әндердің мағыналық жүктемесі мен қазақ лингвомәдениетінің ерекшеліктерін жеткізу қажеттілігі мен олардың тәжірибеде жеткіліксіз берілуі арасында;

- қазақ тіліндегі дубляж бен субтитрлердің болуына қарамастан, олардың өзара үйлеспеуі салдарынан контентті қабылдаудың төмендеуі арасында;

- мультфильмдерді қазақ тіліне аудару мәселесінің жеткілікті зерттелмеуі мен оның қазіргі аударматану ғылымындағы маңыздылығы арасында.

Қазіргі аударматану ғылымында мультфильмдерді қазақ тіліне аудару мәселелерінің жеткіліксіз зерттелуі тақырыптың маңыздылығын арттыра түседі. Көптеген зерттеулер көркем фильмдерге бағытталған болса,

мультфильмдер ғылыми талдаудың шеткері саласында қалып отыр. Осыған байланысты Disney анимациялық мультфильмдерінің қазақ тіліне аудиовизуалды бейімделу ерекшеліктерін, әсіресе ән аудармасын зерттеу өзекті міндет болып табылады. Мультфильмдерді сапалы әрі қолжетімді локализациялаудың ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеу аударма сапасын арттыруға, сондай-ақ медиакеңістіктегі қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу нысаны: Disney компаниясы мультфильмдерінің қазақ тіліне аудиовизуалды аудармасы.

Зерттеу пәні: Disney мультфильмдерін қазақтілді аудиторияға бейімдеу ерекшеліктері, оның ішінде ән аудармасы мен олардың қолжетімділігі.

Зерттеудің мақсаты – Disney компаниясы мультфильмдерінің қазақ тіліне аудиовизуалды аударма ерекшеліктерін кешенді түрде талдау, соның ішінде лексикалық және мәдени бейімдеу, сондай-ақ локализация үдерісіндегі дубляж бен субтитрлердің үйлесімділігін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Анимациядағы аудиовизуалды аударманың ұғымдарын, түрлері мен негізгі ерекшеліктерін зерттеу.

2. Аудиовизуалды аударманың даму кезеңдерін және Disney өнімдерінің Қазақстанға ену ерекшеліктерін қарастыру.

3. Disney мультфильмдерін қазақ тіліне бейімдеу барысында аудиовизуалды аударманың түрлерін (дубляж, субтитр және локализация), соның ішінде әндер мен кейіпкерлер есімдерінің аудармасын талдау.

4. Disney мультфильмдерінің қазақ тіліндегі аудармасын қабылдау ерекшеліктерін анықтап, дубляж бен субтитрлердің негізгі мәселелерін талдау.

5. Аудиовизуалды аударманың сапасын жіктеу мен бағалаудың кешенді моделін және ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін келесі бағыттардағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады:

- аудиовизуалды аударманың теориясы мен практикасы: Ив Гамбье, Хорхе Диас-Синтас, М. Ескиндинова, А.В. Козуляев, Г.М. Люккен, Е.Д. Малёнова, Фредерик Шом және т.б.;

- аударма теориясы: К.М. Абишева, Л.С. Бархударов, Жан-Поль Вине, Жан Дарбельне, В.Н. Комиссаров, А.А. Корабаева, Юджин Найда, Питер Ньюмарк, Я.И. Рецкер және т.б.;

- мультимедиалық контентті локализациялау саласы: Ж. Акбалаева, А. Байдалина, И.С. Карабулатова, Мигель Анхель Хименес-Креспо, Н. Цзунюань және т.б.

Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Disney компаниясының 13 толықметражды мультфильмі пайдаланылды: “Little Mermaid” (Кішкентай су Перісі), “The Lion King” (Арыстан Патша), “The Lion King: Hakuna Matata” (Арыстан Патша: Хакуна Матата), “Moana” (Моана), “Moana 2” (Моана 2), “Toy Story 1” (Ойыншықтар Хикаясы 1), “Toy Story 2” (Ойыншықтар Хикаясы 2), “Frozen” (Мұзды Өлке), “Frozen II” (Мұзды Өлке 2), “Alladin” (Алладин), “Brave” (Батыл Жүрек), “The Jungle Book” (Джунгли Кітабы), “Encanto”

(Энканто); және аталған мультфильмдерден алынған 22 ән: “Part of Your World” – «Қалай жетем ол әлемге?» (Little Mermaid - Кішкентай Су Перісі), “Touch The Sky” – «Көк аспанға өрлейін» (Brave – Батыл Жүрек), “Know Who You Are” – «Кімсің сен?» (Moana - Моана), “Circle of Life” – «Өмір Шеңбері» (The Lion King – Арыстан патша), “I Just Can’t Wait To Be King” – «Патша болар күн» (The Lion King – Арыстан Патша), “Be Prepared” – «Дайындал» (the Lion King – Арыстан Патша), “Hakuna Matata” – «Хакуна Матата» (The Lion King – Арыстан Патша), “Can You Feel the Love Tonight?” – «Махаббат үнін тыңда» (The Lion King – Арыстан Патша), “You’ve got a friend in me” – «Досыңмын мен сенің» (Toy Story – Ойыншықтар Хикаясы), “Some Things Never Change” – «Кейбір нәрселер өзгермейді» (Frozen – Мұзды Өлке), “When I am Older” – «Мен есейгенде» (Frozen – Мұзды Өлке), “Speechless” – «Үнсіздік» (Alladin - Алладин), “Arabian Nights” – «Араб түндері» (Alladin - Алладин), “Show Yourself” – «Көрінші маған» (Frozen – Мұзды Өлке), “Into the Open Air” – «Өмір әлі алда» (Brave – Батыл Жүрек), “The Bare Necessities” – «Орманда күн көрем десен» (The jungle Book – Джунгли Кітабы), “We Don’t Talk About Bruno” – Бруно жайлы айтпаймыз (Encanto - Энканто), “What Else Can I Do?” – «Қайтсем екен?» (Encanto - Энканто), “How Far I’ll Go” – «Бірақ қайда барам?» (Moana - Моана), “Surface Pressure” – «Мен көтеремін бәрін» (Moana - Моана), “Can I Get a Chee Hoo” – «Ал, сөйлеші И-ху» (Moana - Моана), “Coconut” – «Аспанға қараймын» (The Lion King – Арыстан Патша).

Зерттеу әдістері:

- аудиовизуалды аударма теориясы мен практикасына қатысты ғылыми әдебиеттерді зерттеу үшін теориялық талдау (талдау, синтез, жалпылау);

- аударма трансформацияларын анықтау, түпнұсқа мен аударылған материалды салыстыру үшін сипаттамалық, салыстырмалы және контент-талдау;

- мәдени реалийлер мен кейіпкерлер есімдерінің берілуін бағалау үшін лингвомәдени және контекстік талдау;

- 13 толықметражды мультфильм мен олардағы 22 әнді талдау барысында қолданылған кейс-стади әдісі;

- аударылған контенттің қазақтілді аудитория тарапынан қабылдануын зерттеу үшін эксперименттік әдістер (онлайн-сауалнама және бағытталған ассоциативтік эксперимент);

- мультфильмдердің қолжетімділігін (дубляж бен субтитрдің сәйкестігін) талдау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: жұмыстың жаңалығы Disney компаниясы мультфильмдерінің қазақ тіліне (делдал тілсіз) аудиовизуалды аудармасын, әсіресе ән мәтіндерін бейімдеуге басымдық бере отырып, кешенді түрде талдауда жатыр. Зерттеу аудиовизуалды аударма теориясы мен практикасын дамытуға үлес қосып, келесі жаңашыл аспектілерді қамтиды:

1. Қазақ тіліндегі Disney мультфильмдерінің аударма ерекшеліктеріне кешенді талдау жүргізілді, бұл мәселе отандық ғылымда бұрын жеткіліксіз зерттелген;

2. Аудиовизуалды контенттің маңызды бөлігі ретінде әндерді бейімдеуге ерекше назар аударылды, бұл аудармадағы көркемдік және мәдени берілістің ерекшелігін ашуға мүмкіндік берді;

3. Дубляж бен субтитрлердің сәйкессіздігінен туындайтын қиындықтар анықталды;

4. Аудиовизуалды аударма сапасын жіктеу мен бағалаудың кешенді моделі әзірленді;

5. Аударылған контентті қабылдауды анықтауға мүмкіндік беретін онлайн-сауалнама жүргізілді;

6. Мемлекеттік тілдегі аудиовизуалды контент сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

- аудиовизуалды аударма үдерістері және мультфильмдерді қазақ тіліне бейімдеу туралы ғылыми білімді тереңдетеді;

- әндерді аударудың жаңа тәсілдерін айқындайды;

- локализация барысында мәдени және тілдік ерекшеліктерді ескерудің маңызын көрсетіп, теорияға қосымша аспект енгізеді;

- дубляж бен субтитр сәйкестігін талдау арқылы сапалы аудиовизуалды аударма теориясын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- диссертация нәтижелері Қазақстандағы мультфильмдерді аудиовизуалды аудару тәжірибесінде, соның ішінде қазақ тіліндегі дубляж бен субтитр жасауда қолданылуы мүмкін;

- ұсынылған аудиовизуалды аударма сапасын жіктеу және бағалау моделі аударма шешімдерін талдау мен жетілдіру құралы ретінде пайдалануға болады, сондай-ақ аудармашылардың, зерттеушілердің, медиа компаниялар мен контент бейімдеу студияларының жұмысында және аударма мамандарын даярлау бағдарламаларында қолданылуы мүмкін;

- әзірленген ұсыныстар дубляж бен субтитр сәйкестігін арттыруға, аударма сапасын жақсартуға және қазақтілді аудиторияны кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, бұл диссертациялық зерттеу Қазақстанның кәсіби, білім беру және әлеуметтік-мәдени кеңістігі үшін жоғары қолданбалы маңызға ие.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Disney мультфильмдерінің қазақ тіліне аудиовизуалды аудармасы дубляж, субтитр және локализацияны қамтитын кешенді тәсілді талап ететін ерекше лингвомәдени құбылыс болып табылады.

2. Disney мультфильмдеріндегі әндерді аудару көбінесе сөзбе-сөз аударма емес, көркемдік және мәдени бейімдеу ретінде жүзеге асады.

3. Қазақ тіліндегі Disney нұсқаларында кейіпкерлер есімдерін аударуда негізінен транслитерация қолданылады, кей жағдайда семантикалық бейімдеумен толықтырылады.

4. Ұсынылған «Аудиовизуалды аударма сапасын жіктеу мен бағалаудың кешенді моделі» дубляж, субтитр және локализацияны жүйелеп, сапаны бағалауға мүмкіндік береді.

5. Мультфильмдерді қазақ тіліне аударуда дубляж бен субтитрдің сәйкестігін қамтамасыз ету қажет, себебі олардың үйлеспеуі қабылдау сапасын төмендетеді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациялау және енгізілуі: диссертация тақырыбы бойынша 9 мақала жарияланған, олардың ішінде 1 мақала Scopus базасына кіретін халықаралық рейтингтік журналда, 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым мен жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 5 мақала халықаралық және шетелдік конференциялар материалдарында жарияланған.

Диссертацияның құрылымы: диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Әр бөлім зерттеу міндеттерін шешуге бағытталған теориялық және практикалық материалдарды қамтиды. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 143 бет.